

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
шешімімен бекітілген  
(2023 жылғы «8» қарашадағы  
№14/23 хаттама)**

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және тұрақты даму  
жөніндегі комитеті туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы «QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің Стратегия және тұрақты даму жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) туралы ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Комитеттің мәртебесін, негізгі мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, оның құрамын, жұмыс тәртібін, отырыстарды шақыру және өткізу рәсімдерін, шешімдерді ресімдеуді, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Ережеде қолданылатын ұғымдар мен анықтамалар:

**Жалғыз акционер** – Қоғамның жоғары органы, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы;

**Директор кеңесі** – Қоғамның басқару органы;

**Басқарма** – Қоғамның атқарушы органы;

**Сатып алу жөніндегі жобалар (M&A мәмілелері)** – Қоғамның және өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) біріктіру, сіңіру немесе өзгерту мәмілелері арқылы өсіруге, қызмет саласын кеңейтуге бағытталған жобалар;

**Қызметті жүргізу құқығын сақтауға бағытталған жобалар (license to operate, LTO)** – сыртқы талаптарды (реттеушінің талаптарын) қанағаттандыруға бағытталған, оларды іске асырмай қаралатын өндірістердің лицензияларын немесе қызметін жүргізудің басқа да құқықтарын кері қайтарып алуға болатын жобалар;

**Әлеуметтік жобалар** - әлеуметтік маңызы бар, сондай-ақ коммерциялық тұрғыдан тиімді емес бейінді емес жобалар.

**Кодекс** – «QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі.

**Тұрақты даму** - бұл Қоғам өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып шешім қабылдайтын даму.

Ережеде қолданылатын, бірақ онда анықталмаған терминдер, егер Ережеде өзгеше көзделмесе, олар Қоғамның заңнамасында, Жарғысында және ішкі құжаттарында қолданылатын мағынада қолданылады.

4. Комитет Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші органы болып табылады. Комитет өз қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесіне толық есеп береді және оған Қоғамның Директорлар кеңесі берген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді. Комитет әзірлеген барлық ұсыныстар Директорлар кеңесінің қарауына берілетін ұсыныстар болып табылады.

5. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Кодексті, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені, осы Ережені, Қоғамның

өзге де ішкі құжаттарын, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

6. Комитет өз қызметінде мынадай: заңдылық, адалдық, объективтілік, құпиялылық, кәсіби құзыреттілік, ашықтық, есептілік, ашықтық, әдептілік мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, жеке мысал қағидаттарын басшылыққа алады.

## **2. Комитеттің мақсаты мен міндеттері**

7. Комитет қызметінің мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің, оның ішінде басқарудың тиімділігі, Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы мәселелері бойынша шешімдердің сапасын арттыру болып табылады.

8. Комитеттің міндеттері мәселелерді терең және мұқият қарау және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру болып табылады:

- 1) Қоғамның даму стратегиясын айқындау және оны іске асыру мониторингі;
- 2) ұзақ мерзімді кезеңде Қоғамды дамытудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін қарау және бекіту;
- 3) Қоғамның инновациялық стратегиясын іске асыру;
- 4) Қоғамның инвестициялық қызметін іске асыру;
- 5) Қоғамның цифрлық трансформациясы бағдарламасын іске асыру;
- 6) Қоғамды жекешелендіру мәселелерін қарау;
- 7) орнықты дамудың өзге де экономикалық мәселелеріне, сондай-ақ Қоғамның мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл жөніндегі мәселелерге негізделеді.

## **3. Комитеттің функциялары**

9. Комитеттің стратегиялық даму мәселелері жөніндегі функциялары:

1) Қоғамның даму стратегиясын, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясына жылына кемінде бір рет өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мәселелерді қарайды;

2) Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерін қоса алғанда, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді көрсеткіштерді жыл сайын қайта қарау негізінде Қоғам стратегиясының іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады;

3) стратегиялық жоспарлау процестерін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қарайды;

4) Қоғамның даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратты қарайды;

5) Қоғамның қолданыстағы даму стратегиясына әсерін айқындау үшін экономикалық және бәсекелестік ортадағы өзгерістер туралы ақпаратты қарайды;

6) Қоғам қызметінің (дамуының) басым бағыттарын айқындау бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне талдау жүргізеді және ұсынымдар береді;

7) орта және ұзақ мерзімді перспективада Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне талдау жүргізеді және ұсынымдар береді;

8) Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерін қою жөніндегі мәселелерді, сондай-ақ олардың орындалу барысы туралы ақпаратты қарайды;

9) Қоғамның даму жоспарларын, сондай-ақ Қоғамның даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептерді қарайды;

10) Қоғамды қайта ұйымдастыруға байланысты мәселелерді қарайды.

10. Инвестициялық және инновациялық қызмет мәселелері жөніндегі Комитеттің функциялары:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын инвестициялық жобаларды қарайды, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігіне мониторингті жүзеге асырады;

2) Қоғамның инвестициялық саясатын реттейтін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын қарайды;

3) Қоғамның ірі және стратегиялық жобаларын іске асыру, сондай-ақ іске асырудың келесі кезеңіне өту жөніндегі мәселелерді қарайды;

4) Қоғамда инновацияларды енгізуді көздейтін инвестициялық жобаларды қарайды, олар бойынша шешім Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады, сондай-ақ Директорлар кеңесіне инновациялық және технологиялық бөлігінде Қоғамның инвестициялық жобаларына қойылатын талаптар мен өлшемшарттарға қатысты ұсынымдар ұсынады;

5) Қоғамның технологиялық және инновациялық дамуына қатысты өзге де мәселелерді қарайды.

11. Қоғамды жекешелендіру мәселелері жөніндегі Комитеттің функциялары:

1) Қоғамды Жекешелендіру жөніндегі жол картасын, сондай-ақ Қоғамды Жекешелендіру жөніндегі жол картасына өзгерістер мен толықтыруларды қарайды;

2) Қоғамды жекешелендіру жөніндегі Жол картасын іске асыру барысы туралы ақпаратты қарайды;

3) Қоғамды жекешелендіруге қатысты өзге де мәселелерді қарайды.

12. Қоғамның ESG (тұрақты даму) мәселелері және Қоғамның мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл жасасу мәселелері жөніндегі Комитеттің функциялары:

1) ірі мәмілелерді, оларды жасасуда Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасуға байланысты мәселелерді қарайды;

2) Қоғамның таза табысын пайдалану тәртібін айқындауға байланысты мәселелерді қарайды;

3) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы туралы мәселелерді қарайды;

4) Қоғамның ел ішінде және шетелде филиалдары мен өкілдіктерін құру/тарату туралы мәселелерді қарайды;

5) Қоғамның резервтерін пайдалану туралы мәселелерді қарайды;

6) жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде олардың орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы мәселелерді қарайды;

7) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы мәселелерді қарайды;

8) Қоғамның облигациялары мен өндірістік бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау туралы мәселелерді қарайды;

9) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту туралы мәселелерді қарайды;

10) Директорлар кеңесінің есебіне енгізу және оны Қоғамның Жалғыз акционері алдындағы есепте ашу үшін Комитет жұмысының нәтижелері туралы ақпарат дайындауды жүзеге асырады;

11) Қоғамда IT жүйелерін қолдану мәселелерін қарайды.

12) Қоғамның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету, ұзақ мерзімді құнның өсуі және тұрақты даму мәселелерін қарайды;

13) ұзақ мерзімді құнның өсуіне, акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға байланысты мәселелерді қарайды;

14) бизнесті жүргізудің беделі мен жоғары стандарттарын қолдау мәселелерін қарайды;

15) жеткізушілермен, клиенттермен және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынастарды дамытуға байланысты мәселелерді қарайды;

16) компания қызметінің қоғамға әсері туралы мәселелерін қарайды;

17) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің тұрақты даму саласындағы біліктілігін арттыру мәселелерін қарайды;

18) қоршаған ортаны қорғауға байланысты мәселелерді, атап айтқанда биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайту, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану, экологиялық, энергия және материал-үнемдеу технологияларын қолдану, экологиялық қолайлы өнім жасау, қалдықтарды барынша азайту, өңдеу және жою мәселелерін қарайды;

19) Қоғам қызметінің қоршаған ортаға әсері мәселелерін қарайды;

20) тұрақты дамуды жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, есептілікті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ даму стратегиясы мен шешім қабылдау процестеріне интеграциялау мәселелерін қарайды;

21) Комитет немесе Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің Комитетте қарауына ұсынылған өзге де мәселелерді қарайды.

#### **4. Комитеттің құқықтары мен мүшелерінің міндеттері**

13. Комитет мүшелері:

1) Директорлар кеңесінің, Комитеттердің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің мүшелерінен, Корпоративтік хатшыдан және Қоғамның өзге де жұмыскерлерінен құжаттарды, есептерді, түсініктемелерді және басқа да ақпаратты сұратуға;

2) Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Комитеттердің, Ішкі аудит қызметінің мүшелерін және өзге де адамдарды өз отырыстарына байқаушылар ретінде шақыруға;

3) белгіленген тәртіппен Қоғамның ағымдағы жылға арналған бюджетінде көзделген қаражат шеңберінде сыртқы сарапшылар мен консультанттардың қызметтерін пайдалануға;

4) өз қызметінің мәселелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауға және тексеруге қатысуға;

5) осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және енгізуге;

6) Комитеттің қызметіне қатысты құжаттардың жобаларын әзірлеуге және Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынуға;

7) Комитет отырысын шақыруды талап етуге және Комитет отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

8) өзіне жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

14. Комитет мүшелері:

1) өз қызметін ережеге сәйкес, Жалғыз акционердің және тұтастай Қоғамның мүддесі үшін адал және жауапкершілікпен жүзеге асыруға және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарын сақтауға;

2) өз міндеттерін тиісінше орындауға және Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге;

3) өз міндеттерін тиімді орындау үшін жеткілікті уақыт бөлуге;

- 4) Комитеттің жұмысына қатысуға және оның отырыстарына қатысуға;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесіне өз қызметінің нәтижелері туралы үнемі есеп беруге;
- 6) Комитет қызметін жүзеге асыру шеңберінде алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға;
- 7) өз құзыреті шегінде және осы Ережеде көзделген тәртіппен Директорлар кеңесі айқындауы мүмкін кез келген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

## **5. Комитет құрамы мен оны қалыптастыру тәртібі**

15. Комитеттің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

16. Комитет ұйымның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ көзқарас пен тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің тепе-теңдігін сақтауға тиіс.

17. Комитет құрамында көпшілігі тәуелсіз директорлар болуы керек. Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз емес мүшесі, егер Қоғамның Директорлар кеңесі осы адамның Комитетке мүшелігі Қоғамның және Жалғыз акционердің мүддесі үшін қажет деп шешсе, оның Комитет құрамына сайлануы мүмкін. Қоғамның Басқарма төрағасы Комитет мүшесі бола алмайды.

18. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар Комитеттің сарапшысын сайлай алады. Салада кәсіби тәжірибесі мен біліктілігі бар сарапшылар Комитеттің мақсаттарына, міндеттеріне және құзыретіне сәйкес, Комитеттің тиімді қызметі мақсатында тартылады. Комитеттегі сарапшылардың рөлі Комитетке мәселелерді жан-жақты зерттеуге және Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік беретін арнайы білім мен кәсіби тәжірибені пайдалана отырып, шешім қабылдау кезінде Комитет мүшелерін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

19. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзімдерімен сәйкес келеді, алайда жыл сайын Директорлар кеңесі қайта қарауы мүмкін.

## **6. Комитет Төрағасы**

20. Комитет Төрағасы Тәуелсіз директор болып табылады. Комитет Төрағасы кәсіби құзыреттерімен қатар ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерге, Комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін жақсы коммуникативтік дағдыларға ие болуға тиіс.

21. Комитет Төрағасы өзі басқаратын Комитеттің жұмысын ұйымдастырады, атап айтқанда:

- 1) Комитет отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 2) Комитет отырыстарының күн тәртібін, оның ішінде Комитет отырысына талқылау үшін шығарылатын мәселелердің мазмұнын бекітеді;
- 3) Комитет отырыстарында мәселелерді талқылауды ұйымдастырады, сондай-ақ отырысқа қатысуға шақырылған адамдардың пікірлерін тыңдайды;
- 4) Директорлар кеңесі отырыстарының жоспарын ескере отырып, ағымдағы жылға арналған кезекті отырыстардың жоспарын әзірлейді, оның шешімдері мен жоспарларының орындалуын бақылайды;
- 5) Комитеттің қызметі туралы есепті дайындауды жүзеге асырады және жеке отырыста Директорлар кеңесінің алдында бір жылдағы қызмет қорытындылары туралы есеп береді.

22. Комитет Төрағасы болмаған кезде, оның міндеттерін Комитет отырысына қатысып отырған Комитет мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру жолымен Комитет отырысында сайланатын Комитет мүшелерінің бірі орындайды.

## **7. Комитет жұмысының тәртібі**

23. Комитеттің жұмысы отырыстар нысанында жүзеге асырылады. Комитет отырыстары Комитеттің шешімімен бекітілген жыл сайынғы жоспар бойынша өткізіледі, кезектен тыс отырыстар қажеттілігіне қарай өткізіледі. Комитет отырыстарын өткізу кезеңділігі жылына кемінде төрт отырысты құрайды.

24. Комитеттің жұмыс жоспары (қаралатын мәселелердің тізбесін және отырыстарды өткізу күндерін көрсете отырып) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары негізінде қалыптастырылады және оны Комитет күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітеді.

25. Комитет хатшысының функцияларын Корпоративтік хатшы немесе Комитеттің шешімі бойынша Корпоративтік хатшы қызметі жұмыскерлерінің бірі жүзеге асырады.

26. Корпоративтік хатшы Комитет отырыстарын дайындауды және өткізуді, отырыстарға материалдарды жинауды және жүйелеуді, Комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға Комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберуді, отырыстарды хаттамалауды, Комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды кейіннен сақтауды қамтамасыз етеді.

27. Корпоративтік хатшы Комитет мүшелерінің қажетті қосымша ақпарат алуын қамтамасыз етеді.

28. Комитеттің кезекті отырысын шақыру, өткізілетін күні, уақыты, орны және күн тәртібіндегі мәселелер туралы шешімді, сондай-ақ отырысқа шақырылатын адамдардың тізбесі туралы шешімді Комитеттің кезекті отырыстарын өткізу жоспарына сәйкес Комитет Төрағасы қабылдайды.

29. Комитет отырысы оның Төрағасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Қоғамның Комитеті мен Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Жалғыз акционердің;
- 3) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Комитет Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғамның Директорлар кеңесіне жүгінуге құқылы, ол Комитеттің отырысын шақыруға міндетті.

30. Комитет отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

31. Комитет отырыстарына тек Комитет мүшелері қатысады. Басқа адамдардың қатысуына Комитеттің шақыруы бойынша ғана жол беріледі. Қажет болған жағдайда, Комитет сарапшылар мен консультанттарды тарта алады.

32. Корпоративтік хатшы Комитеттің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастырады және Комитеттің барлық мүшелеріне және мүдделі тұлғаларға Комитет отырысы өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей (ағылшын тіліндегі материалдар бойынша төрт жұмыс күнінен кешіктірмей) жібереді.

33. Комитет отырысы, егер оған Комитет мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болып табылады.

34. Комитеттің шешімдері бетпе-бет түрінде (Комитеттердің отырыстарын өткізуге қолайлы жағдайлар жасау және шығындарды қысқарту мақсатында Комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдары арқылы қатысуына жол беріледі),

сырттай немесе аралас дауыс берудің ерекше жағдайларында қабылдануы мүмкін. Комитет отырыстарды сырттай дауыс беру түрінде өткізуді барынша азайтуға тырысады.

35. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан не жазбаша пікір берген немесе сырттай дауыс беруге қатысқан Комитет мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Комитет Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

36. Комитеттің әрбір мүшесі өзінің ерекше пікірін айта алады, ол Комитет шешімінің хаттамасымен бірге ұсынылады. Жекелеген мәселелер бойынша Комитеттің жекелеген мүшелерінің мүдделілігіне байланысты шешім қабылданбаған жағдайларда, мұндай факт Комитет отырысының хаттамасына енгізіледі.

37. Комитеттің әрбір отырысының нәтижелері бойынша ол өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хаттаманың орыс тіліндегі жобасы жасалады. Егер комитеттің бір немесе бірнеше мүшесі орыс тілін білмесе, онда хаттама ағылшын тіліне аударылады. Хаттамаға Комитет Төрағасы немесе отырысқа төрағалық еткен адам, сондай-ақ хаттаманың дұрыс жасалуына және мазмұнына жауапты Комитет хатшысы қол қояды.

38. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы бір жыл ішінде Комитеттен өз қызметі туралы ақпарат беруді талап етуге құқылы.

#### **8. Комитет мүшелерінің жауапкершілігі**

39. Комитет мүшесі Қоғамның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қоғамның және Қоғамның Жалғыз акционерінің алдында оның әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін жауапкершілік алады.